

Сандықтау ауданы Широков ауылдық округі Богородка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы Широков ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 22 қарашадағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 6941 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35, 37 баптары сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 5 қазандағы қорытындысы негізінде, Широков ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сандықтау ауданы Широков ауылдық округі Богородка ауылының көшелері қайта аталсын:

- 1) Северная көшесі Сәкен Сейфуллин көшесіне;
- 2) Эрнст Тельман көшесі Абай көшесіне;
- 3) Набережная көшесі Мұхтар Әуезов көшесіне;
- 4) Кооперативная көшесі Абылай хан көшесіне;
- 5) Садовая көшесі Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне;
- 6) Сельская көшесі Төле би көшесіне;
- 7) Стадионная көшесі Мәншүк Мәметова көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Широков ауылдық
округінің әкімі*

Н.Кәрімжанов